

«АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«BILIM QAZYNA» КММ
МКҚК №51 «Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасы

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
2025 жылғы «24» 08
№ 394 бұйрығымен
«БЕКІТІЛДІ»



«Театр әлемінде»
(ересек тобы)
БАҒДАРЛАМАСЫ

Ақтөбе 2025 жыл

Бағдарлама негізі: 1.Л.Артемова «Театрализованные игры дошкольников» - М:Просвещение, 1991ж негізінде жинақталып құрастырылды. Бұл бағдарламада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін,қиялын,тіл байлығын дамытуда театрландырылған ойындардың алатын орны мен әдістемесі жан-жақты қарастылған.

Құрастырған: №51 «Жарқын бала» бөбекжай балабақшасының тәрбиешісі, педагог-модератор Толеуканова Гулжанат Турлановна мен педагог -модератор Смағұлова Мейірім Болатқызы.

МКҚК №51 «Жарқын бала» бөбекжай-балабақша педагогикалық (мектеп,мектепке дейінгі ұйым,мектептен тыс мекеме атауы) кеңесінде «Театр әлемінде» элективті курс бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«А» «О» 2025 жыл

№51 «Жарқын бала»
бөбекжай-балабақша
меңгерушісі



(ҚОЛЫ)

К.Б. Кошмаганбетова

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Театр әлемінде» элективті курс бағдарламасы мақұлданды.

Хаттама № 1



Сараптау комиссиясының төрайымы:

Қосымбаева М

ованные игры дошкольников» -
растырылды. Бұл бағдарламада
ылық қабілеттерін, қиялын, тіл
ың алатын орны мен

балабақшасының
нат Турлановна мен

педагогикалық
е атауы) кеңесінде «Театр

2025 жыл

5. Кошмаганбетова

мінде»

2025ж

№51 «Жарқын бала» бөбекжай-балабақшасының
тәрбиешілері: Төлеуканова Гүлжанат Турлановна,
Смағұлова Мейірім Болатқызының
«Театр әлемінде» бағдарламасына

Пікір

Мектепке дейінгі тәрбие – бұл балалардың жас ерекшеліктері мен психофизиологиялық даму сатыларын ескере отырып әзірленген, олардың жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған оқыту мен тәрбиелеу бағдарламаларының жүйесі болып табылады. Бұл жүйе Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі білім беру саласында жүзеге асырылып, жас бүлдіршіндердің рухани, танымдық және әлеуметтік әлеуетін дамытуды көздейді.

«Театр әлемінде» бағдарламасы – мектепке дейінгі ұйымдардағы негізгі білім беру бағдарламасына қосымша ретінде енгізілетін вариативтік компонент болып табылады. Бұл бағдарлама театрландырылған іс-әрекеттер мен шығармашылық ойындар арқылы балалардың ойлау, сөйлеу және эмоционалдық қабылдау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Театр арқылы бала әлемді эстетикалық тұрғыда танып, өзінің ішкі жан-дүниесін ашуға мүмкіндік алады. Бағдарламаның негізгі мақсаты – балалардың театр өнеріне деген қызығушылығын арттыра отырып, олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, көркем сөйлеуге үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. Театрландырылған іс-әрекет барысында бала әрбір көркем шығармадағы кейіпкерлердің әрекетін жүрекпен сезініп, жақсы мен жаманды ажырата алуға үйренеді. Бұл – баланың тұлғалық дамуына зор әсер ететін маңызды құрал.

«Театр әлемінде» бағдарламасы бір оқу жылына есептелген, жалпы ұзақтығы – 36 сағат. Оқу іс-әрекеті ересек топтарда аптасына бір рет жүргізіледі. Бағдарлама мазмұны балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құрылып, олардың тілдік қорын дамытуға, эмоционалдық мәдениетін қалыптастыруға және сахналық қойылымдар арқылы өзін еркін көрсетуге бағытталған.

Бағдарламада қазақ халқының фольклорлық мұраларын, әсіресе халық ертегілерін қолдануға ерекше мән берілген. Бұл балалардың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруға, салт-дәстүр мен мәдениетке деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сахналық қойылымдар арқылы балалардың өзара қарым-қатынас жасау дағдылары дамып, ұжыммен жұмыс істеу қабілеті артады.

«Театр әлемінде» бағдарламасы – мектепке дейінгі балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, эстетикалық тәрбие беруге және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Бағдарламаның мазмұны мен құрылымы қазіргі білім беру талаптарына сай, баланың тұлғалық дамуына ықпал ететін заманауи әдістемелік шешімдермен толықтырылған.


Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

П.ғ.к., жалпы педагогика және білім берудегі

М. менеджмент кафедрасының қауымдастырылған

профессоры (доцент)

М.Н. Есенғұлова



Түсінік хат

Жаңа мемлекеттік стандарттың , шығармашылық білім беру саласындағы талап бойынша, баланың әлемге деген эстетикалық қатынасы мен ұлттық классикалық және заманауи көркемнің дамуына сонымен бірге қалыптасуы қарастырылады. Театрландырылған ойындар іс-әрекеті, әрқашан балаларды қуантады, алуан бейнелер оладың қызығушылығын күшейтеді. Балалар шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың әдеби көркемдік қабілеттерін қалыптастырады.

Оқытудың әдіс-тәсілдері:

Көрсету, түсіндіру, сахналау, сұрақ-жауап, оқытудың жаңа технологиялары және пән аралық кіріктіру.

«Театр әлемінде» бағдарламасы ересек тобында (4 жас) сағат саны-36, аптасына 1 рет, ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 20-25 минут жүргізіледі.

Мақсаты:

– Театрландырылған ойындар арқылы балалардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Ойынға деген қызығушылықтарын, ынтасын арттыру. Жүректерімен әрбір шығарманы сезінуге, жақсы мен жаманды айыра білуге тәрбиелеу.

Міндеттері:

- Әр баланың жеке қасиеттерін ескере отырып, ұжымдық жұмыс арқылы бір – бірімен қарым-қатынасты орнату, сөйлеу мәдениетін және техникасын дамыту.
- Балалардың қызығушылықтарына ата –аналарды тарту, шығармашылыққа деген көзқарасты қалыптастыру.
- Балаларда зейін, байқағыштық, қиял, қоршаған ортада кеңістікті пайдалану, батылдық, тапқырлық сынды қасиеттерді дамыту.
- Театрда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.
- Балаларды театр арқылы, ынтасын арттыру және шығармашылыққа үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар ертегілер мен шығармалардың мазмұндарын түсінеді, біледі, іс әрекет жасауды үйренеді.
- Ойындар арқылы жаман мен жақсыны айыра біледі.
- Көркем әдебиет шығармаларымен таныса отырып, кейіпкерлерді сахналай алады. Театрға деген қызығушылықтары артады.
- Балалар қоршаған ортада кеңістікті пайдалануды, өзін-өзі мәдениетті ұстауды , сөйлеуді және бір-біріне қарым қатынас жасай алады.

**Тақырыптық жоспар
(ересек топ)**

№	Тақырыбы	Сағат саны
1	Қуыршақ театры «Бауырсақ» .	1
2	Сахналау «Бауырсақ»	1
3	Сюжеттік-рөльдік ойын «Шаштараз»	1
4	Сюжеттік-рөльдік ойын « Аспазшы»	1
5	Фланеграф « Бауырсақ»	1
6	Өлеңді жатқа айтып,сахналау	1
7	Сюжеттік-рөльдік ойын «Ойыншықтар дүкені»	1
8	Сюжеттік-рөльдік ойын «Қуыршақ қонақта»	1
9	Үстел үсті театры «Шұбар тауық»	1
10	Көлеңке театры «Шұбар тауық»	1
11	Саусақ театры «Шұбар тауық»	1
12	Сахналау «Шұбар тауық».Ертегіні қорытындылау.	1
13	Жеті лақ ертегісін оқып түсіндіру	1
14	Үстел үсті театры «Лақтар мен қасқыр»	1
15	Фланелеграф «Лақтар мен қасқыр»	1
16	Саусақ театры «Лақтар мен қасқыр»	1
17	Ә.Дүйсенбаев «Не деу керек?»	1
18	Ә.Дүйсенбаев «Не деу керек?» жаттау	1
19	«Ит қалай өзінің досын іздейді?»	1
20	Жеті қазынаны түсіндіру	1
21	Мақта қыз бен мысық ертегісін түсіндіру	1
22	Фланелеграф «Мақта қыз бен мысық»	1
23	«Біздің балабақшаға қонақтар келді»	1
24	Сюжеттік-рөлдік ойын «Қонақты қарсы алу»	1
25	Жұмбақтар.Жаңылтпаштар.	1
26	«Үш аю» ертегісін оқып беру	1
27	Сахналау «Үш аю»	1
28	Ертегіні оқып түсіндіру. «Түлкі,қоян және әтеш»	1
29	Сюжеттік-рөльдік ойын «Тышқан мен мысық»	1
30	Тіршіліктің оянуы	1
31	Көлеңке театры «Үш аю»	1
32	Сахналау «Үйшік»	1
33	Үстел үсті театры «Үйшік»	1
34	Сюжеттік-рөльдік ойын «Дәрігер».	1
35	Ертегі,театрдан не үйрендік?	1
36	Ертегі кейіпкерлерден көрме.	1
Барлығы: 36 сағат		

Бағдарлама мазмұны
(ересек топ)

- 1.Қуыршақ театры «Бауырсақ»:** балаларға халық ертегісі «Бауырсақтың» мазмұнын меңгерт,балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. ертегіден ғибрат алып, адалдыққа, сақтыққа, қарапайымдылыққа тәрбиелеу.
- 2.Сахналау «Бауырсақ»:** кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы жақсылық пен жамандықты ажырата білуге үйрету.қимыл –қозғалыс, дауыс ырғағын дұрыс қолдануға актерлік шеберлікке баулу, үлкендерді тыңдау, ақылға құлақ асу, асығыстық жасамауға тәрбиелеу
- 3.Сюжеттік-рөлдік ойын «Шаштараз»:** диалог құру арқылы тілдік қорын кеңейту.ұсақ қол иоторикасын,қимыл қозғалысын жетілдіру. әдептілікке,бір-бірімен сыпайы сөйлеуге баулу.
- 4.Сюжеттік-рөлдік ойын «Аспазшы»:** балаларды аспазшының еңбегімен,ас әзірлеу процесімен таныстыру,балалардың ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту,тамақтану мәдениетін сақтауға баулу.
- 5.Фланелеграф «Бауырсақ»:** балаға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету,қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. кейіпкерлерді қимылдата отырып,зерттеп, мазмұнын өз беттерімен айтуға тәрбиелеу.
- 6.Өленді жатқа айтып,сахналау:** өлең шумақтарын жаттап, бір-біріне сахналату.Сюжеттік ойынды үлкен қызығушылықпен ойнауға үйрету. Ойыншықтар дүкені туралы түсіндіру.
- 7.Сюжеттік-рөлдік ойын«Ойыншықтар дүкені»:** сюжеттік ойынды үлкен қызығушылықпен ойнауға үйрету. Ойыншықтар дүкені туралы түсіндіру.
- 8.Сюжеттік-рөлдік ойын «Қуыршақ қонақта»:** сюжеттік ойынды үлкен қызығушылықпен ойнауға үйрету. Қонақжайлылыққа тәрбиелеу
- 9.Үстел үсті театры «Шұбар тауық»:** балаға ертегінің мазмұнын, кейіпкердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету,олардың үстел үстінде пайда болуына назар аударып,қимыл әрекетіне көңілдерін бөлу.
- 10.Көлеңке театры «Шұбар тауық»:** баланы тағы бір театр түрімен таныстыру.Бұл театрда ертегі кейіпкерлерінің тек қана көлеңкесін байқайтындықтарына балалардың көздерін жеткізу,таныс ертегіні ынтамен қызыға отырып,аяғына дейін тыңдауға дағдыландыру.
- 11.Саусақ театры «Шұбар тауық»:** саусақ театры арқылы балаларға «Шұбар тауық» ертегісін сахналап беру. Кейіпкерлерді қозғалта білуге, қозғай отырып сөйлеуге тәрбиелеу.
- 12.Сахналау «Шұбар тауық»:** баланың ертегі мазмұнын есіне түсіріп,сұраққа толық жауап беруін қадағалау.Ертегіде өздері ойнайтындығын айта отырып,киімдерін балаларға кигізу арқылы қызығушылық сезімдерін арттыру.



- 13. Жеті лақ ертегісін оқып түсіндіру:** балаға ертегіні ынтамен үйрету. Ертегінің мазмұнын сұрақ қоя отырып айтқызу, әр кейіпкерге сипаттама беруге дағдыландыру. Кейіпкерлерді қозғалта білуге, қозғай отырып сөйлеуге тәрбиелеу.
- 14. Үстел үсті театры «Лақтар мен қасқыр»:** балаға ертегінің мазмұнын, кейіпкердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету, олардың үстел үстінде пайда болуына назар аударып, қимыл әрекетіне көңілдерін бөлу. Баланың кейіпкерлерді өздері ұстап ертегінің мазмұнын айта отырып, қимыл қозғалысын келтіре білуге үйрету.
- 15. Фланелеграф «Лақтар мен қасқыр»:** балаға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету. Қойылған сұрақтарға толық жауап беруге дағдыландыру. Кейіпкерлерді қимылдата отырып, мазмұнын өз беттерімен айтуға дағдыландыру.
- 16. Саусақ театры «Лақтар мен қасқыр»:** саусақ театры арқылы балаларға «Лақтар мен қасқырлар» ертегісін сахналап көрсету. Кейіпкерлерді қозғалта білуге, қозғай отырып сөйлеуге тәрбиелеу.
- 17. Ә. Дүйсенбаев «Не деу керек?»:** өлеңді дауыс екпініне сақтап мәнерлеп оқуға, мазмұнын түсіне білуге үйрету. Адамгершілікке тәрбиелеу. Өлең мазмұнына сай рөлді бөліп, диалог түрінде айта білуге дағдыландыру.
- 18. Ә. Дүйсенбаев «Не деу керек?» жаттау:** тәрбиеші оқыған өлеңді ілесе, қайталап айтуға үйрету, өлеңді жатқа айтумен қатар, қимыл-қозғалыстарын бірдей жасай білуге дағдыландыру.
- 19. «Ит қалай өзінің досын іздейді?»** балалармен бірлесе ертегінің мазмұнын оқып, түсіну. Ертегідегі кейіпкерлердің сөзін айтып беруге үйрету. Жұмбақтар шешу. Көңілді, көңілсіз мінездер. Ертегіні ойнап көрсету.
- 20. Жеті қазынаны түсіндіру:** жеті қазына туралы түсіндіру. Балаларды айналадағы ортаға мейіріммен қарауға тәрбиелеу.
- 21. Мақта қыз бен мысық ертегісін түсіндіру:** ертегіні балаларға оқып, түсіндіру. Сұрақ-жауап арқылы алған білімдерін қорытындылау.
- 22. Фланелеграф «Мақта қыз бен мысық»:** балаға таныс ертегіні қызығушылықпен аяғына дейін тыңдауға үйрету. Қойылған сұрақтарға аяғына дейін жауап беруге дағдыландыру.
- 23. Сюжеттік-рөлдік ойын «Балабақша»:** балабақша өмірімен таныстыра отырып, балабақша қызметкерлерінің рөлдерін сахналауды үйрету.
- 24. Сюжеттік-рөлдік ойын «Қонақты қарсы алу»:** сюжеттік ойынды үлкен қызығушылықпен ойнауға үйрету. Қонақжайлылыққа тәрбиелеу.
- 25. Жұмбақ, жаңылтпаштар:** балалардың ойлау қабілеттерін суретті жұмбақтар арқылы арттыру.
- 26. «Үш аю» ертегісін оқып беру:** «Үш аю» ертегісін оқып беру. Ертегіде өздері ойнайтындығын айта отырып, киімдерін балаларға кигізу арқылы қызығушылық сезімдерін тудыру.
- 27. Сахналау «Үш аю»:** саусақ театры арқылы балаларға «Үш аю» ертегісін сахналап беру. Кейіпкерлерді қозғалта білуге, қозғай отырып сөйлеуге тәрбиелеу.

28.Ертегіні оқып түсіндіру. «Түлкі,қоян және әтеш»: «Түлкі,қоян және әтеш» ертегісін түсіндіру,қызықты өткізу қимыл-қозғалыстарға қандай дауыспен айтатынына көңіл бөлу. Бір-біріне деген достық қатынасты тәрбиелеу.

29.Сюжеттік-рөлдік ойын «Тышқан мен мысық»: ертегі мазмұнын түсіндіру. Балаларды рөлге бөліп ойнауға үйрету.Әдептілікке, еркіндікке тәрбиелеу.

30.Тіршіліктің оянуы: көктемде барлық тіршіліктің оянуы туралы түсінік беру,әдемілікті сезіну қабілетін, шығармашылық ойлауын дамыту. табиғатты қорғауға,қамқор болуға тәрбиелеу

31.Көлеңке театры «Үш аю»: «Үш аю»ертегісіне көлеңке театрын көрсетуді үйрету.Ертегіде өздері ойнайтындығын айта отырып, балаларға ойнау арқылы қызығушылық сезімдерін тудыру

32.Сахналау «Үйшік»: атрибуттарды пайдалана отырып ,«Үйшік» ертегісін сахналап беру. Кейіпкерлердің дауысы мен қимылын сала отырып сөйлеуге тәрбиелеу.

33.Үстел үсті театры «Үйшік»: балаға ертегінің мазмұнын, кейіпкердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету,олардың үстел үстінде пайда болуына назар аударып,қимыл әрекетіне көңілдерін бөлу. Баланың кейіпкерлерді өздері ұстап ертегінің мазмұнын айта отырып,қимыл қозғалысын келтіре білуге үйрету

34.Сюжеттік-рөлдік ойын «Балабақша»: балабақша өмірімен таныстыра отырып,балабақша қызметкерлерінің рөлдерін сахналауды үйрету.

35.Ертегі, театрынан не түйдік? ертегіні ынтамен тыңдауға үйрету. Ертегінің мазмұнын сұрақ қоя отырып айтқызу, әр кейіпкерге сипаттама беруге дағдыландыру. Достыққа тәрбиелеу.

36.Ертегілерден көрме ұйымдастыру: балалардың ертегі кейіпкерлеріне қызығушылығын арттыру, қолөнерге тәрбиелеу.